

Менің кітапханаға алғаш келуім

Мен алғаш рет Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөліміне әжеммен келдім. Оқу залындағы мерзімді басылымдар, қызықты түрлі түсті безендірілген ертегілер мені қызықтыра түсті.

Мен әжеммен кітапханаға сабақтан соң күнде келуді әдетке айналдырдым. Оқу залындағы мерзімді басылымдар «Балдырған», «Баланаң бағы», «Ертегілер елінде», «Айгөлек», «Алақай, балақай» т.б. балаларға арналған республикалық танымдық журналдармен таныстым. Қызыққа толы журналдың қайсысын оқуды білмей, бірінен соң бірін парактай бердім. Ең бірінші қолға алған кітабым, кітапханашы апай ұсынған «Төрт түлік» балаларға арналған танымдық кітабы болды. Мен қалада туып өскендіктен

төрт түлік туралы ештеңе білмейді екенмін. Осы кітапты оқығаннан кейін ғана төрт түлік туралы мәліметтер алып, төрт түліктің қадір қасиетін, ауыл өміріне деген қызығушылығым оянда. Кітапханада тек ғана кітап оқып қоймай, «Шебер қолдар» үйірмесінің балалар жасаған көрмесімен таныстым.

Кітапханашы апайым бізге ұлттық ойындарды да үйретті. «Көкпар», «Ақсүйек», «Ақсерек – Көксерек», «Аударыспақ» ойындары бізді шапшаңдыққа, баатырлыққа үйретті.

«Дауысқа күлкі асайық»

атты «Жануарға жақын бол», «Көліктер сөйлейді», «Аспаптар үні», «Орман үні» бұл кітаптар «Аруна» баспасынан шыққан. Бұрын мұндай кітап көрмеген мен кітапханашы апайымның түсіндіруімен, ел қолымен түймешелері басып кәдімгі тірі жануарлардың дауысын естіп, көліктердің, аспаптардың дауысын тыңдап оларды бір – бірінен ажыратуды үйрендім.

Тағы да осы «Аруна» баспасынан шыққан «Кел, ертегі тыңдайық» топтамасы «Үйшік», «Бауырсақ», «Үш ана» ертегілерін түймешелерді басы арқылы тыңдап, қатты қуандым. Жанғыз мен емес басқа балаларда қуанышқа бөленіп ертегі оқуға деген қызығушылығымыз арта түсті.

Енді мен кітапханаға өзім келуді үйрендім, яғни әжемді мақаламаймын. Сүйікті әжеме көп – көп рахмет айтамын келеді. Се-



бебі ең алғаш кітапханаға әкелген әжем ғой.

Бүгін де міне, сабағым дайындалып болған соң кітапханама, кітапханашы апайларыма асығып келемін. Мұнда мені қызықты ертегілерім мен журналдарым күтіп тұр!

Бекжан
СЕЙТҚОЖИН